Интерактивные методы обучения на уроках русского языка и литературы предполагает

науке и педагогике.

◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇◇

**Түркістан облысы Шардара қаласы**
**«№2 Жамбыл Жабаев атындағы бастауыш мектебі»**
**бастауыш сынып мұғалімі**
**Аширбекова Жанат Оразбаевна**

## *Ы дыбысы және әрпі*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | 1.1.7.1. Сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрау<br>1.2.1.2. Оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану.<br>1.3.6.1. Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен |



Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| | байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу. |
| **Сабақтың мақсаты** | Ы дыбысымен танысады, дәптерге көркем жазумен жазады, буындап оқиды, дыбыстық талдау жасайды. |
| **Күтілетін нәтиже** | Сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрайды, оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолданады. Жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазады.Әріптерді таниды және ажыратады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Суреттер, әдіс-тәсілдерге арналған көрнекіліктер, әріптер |
| **Тілдік құзыреттілік** | Ы дыбысы және әрпі. |

**Сабақ барысы**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Педагогтің іс-әрекет | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>Үйіңді тап әдісі<br>II. Өткен сабақты қайталау | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Амандасу<br>Біздер тату баламыз,<br>Өсіп алға барамыз.<br>Әріптермен танысып,<br>Біз білімді боламыз!<br>Мұғалім:<br>-Балалар мен мына жерге көп әріптерді қоямын, сендер келіп біз өткен әріптерді тақтаға ілесіңдер. Әр дыбысты өз үйшігіне ілесіңдер.<br>-Балалар біз осы уақытқа дейін неше әрі өттік?<br>-Қане санап жіберейік?<br>-Жарасыңдар, санады да білеміз.<br>- 9 дыбыстың нешеуі дауысты?<br>- Нешеуі дауыссыз?<br>- Жарайсыңдар балалар!<br>Мұғалім: - дыбыс дегеніміз не?<br>Оқушы: дыбысты естиміз, бірақ көрмейміз.<br>Мұғалім: - әріп дегеніміз не?<br>Оқушы: әріпті жазамыз, көреміз, оқимыз.<br>Мұғалім: - дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>Оқушы: дыбыстар екіге бөлінеді, дауысты және дауыссыз дыбыс. | Балалар хормен айтады<br><br>Әріптерді іледі | Мақтап-мадақтау | Әріптер<br><br>Әріптер |
| Сабақтың ортасы<br><br>**Суретпен жұмыс**<br><br>**Кітаппен жұмыс**<br>**Дәптермен жұмыс** | -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырам, кім шешуін табады екен?<br>Кесе, шыны, пиала,<br>Оларсыз шай құяма?<br>Қасықсыз тамақ жемейміз,<br>Бәрінің атын не дейміз?<br>-Ыдыс дейміз<br>-Олай болса ыдыс сөзі қандай дыбыстан басталады?<br>-Дұрыс айтасыңдар, ы- дыбысы<br>-Бүгін қандай дыбыспен танысамыз?<br>-Ы-ы-ы-ы<br>-Ы дыбысы қандай дыбыс?<br>-Неге дауысты дыбыс?<br>1. Сурет мазмұны бойынша әңгіме құрау: | Жауабын айтады<br><br>Хормен айтады | Мақтап-мадақтау<br><br>Басбармак әдісі | оқулықпен жұмыс |



Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | <br>а)<br>Сұрақ қою және оқушылар жауабыныңдұрыс және толық болуын қадағалау:<br>– Ырысты не істеді?<br>– Ырысты тәрелке жуды.<br>– Асыл не істеді?<br>– Асыл қасықтарды құрғатып сүртті.<br>– Нелер тап-таза болды?<br>– Ыдыстар тап-таза болды.<br>– Кітаппен жұмыс, қарамен берілген сөздерді хормен оқу, жеке-жеке оқыту.<br>-Ы әрпін ауада, тақтада жазып көрсету.<br>-Дәптерге жаздыру<br>Ы-Ы-Ы-Ы-Ы<br>ы-ы-ы-ы-ы | Оқиды<br><br>Дәптерге жазады | | |
| Сергіту сәті | Бала,бала, балапан,<br>Қане, қайсы алақан<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай, былай ойнап!<br>Топ-топ, топ-топ басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса, жаса алтын күн,<br>Жаса, жаса жарық күн! | Сергіту сәтін айтады, қимылын жасайды | | Сергіту сәтіне арналған жинақ |
| Ыстық табан әдісі | Балалар ыстық табанды басу арқылы<br>1 Дауысты дыбыстарды айтады<br>2 Дауыссыз дыбыстарды айтады<br>3 Сөздерді оқиды | Сөздерді оқиды | | Лақ, қар, ата, тау, ана, нан, ара |
| Аяқталуы<br><br>Шапалақ әдісі<br><br><br>Саралау тапсырмасы | -Балаларға жеке-жеке дыбыстық талдау жасату.<br>-Жаңа сабақты бекітуге арналған сұрақтар қою<br>-Ы дыбысы дауысты дыбыс деп айтсам, 3 рет шапалақ ұрасыңдар.<br>-Дұрыс жауапқа 3 рет шапалақ ұрады<br>-Дұрыс емес жауапқа щапалақ ұрмайды.<br>Тауық сөзінен бірнеше сөз жасау<br>Тауық-тау-уық-ық-ау | Дұрыс жауапқа 3 рет, дұрыс емес жауапта шапалақ ұрмайды | Кәмпиттер арқылы бағалау | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия<br><br> | | Бағдаршам әдісі арқылы бағалау | |